

**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің**  
**«Фармацевт-технолог» модулінің PhD докторанты**  
**Тулемисов Сакен Кутимхановичтың**  
**«Фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың**  
**негізгі аспектілері» тақырыбындағы 6D074800 – «Фармацевтикалық**  
**өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)**  
**ғылыми дәрежесін іздену диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

### **ПІКІРІ**

Тулемисов Сакен Кутимхановичтің диссертациялық зерттеу жұмысы фармацевтикалық кәсіпорынды дамытудағы жобаларды басқарудың негізгі аспектілерін қарастыруға бағытталған. Зерттеудің негізгі нысандары ретінде дүниежүзілік және қазақстандық фармацевтика саласының даму беталысы, фармацевтикалық кәсіпорындардың, жобалық ұйымдардың, және де Қазақстан Республикасы мен Украина елінің фармацевтикалық өндірісін басқару бойынша мамандарды даярлауға мамандандырылған жоғары оқу орындардың жобалау бойынша қызметтері, фармацевтикалық өндірістердегі жобаларды басқару жүйесі, жобалық әдіснама мәселелері қаралған. Жұмыстың ғылыми жаңалығы келесілерден тұрады: фармацевтикалық өндірісті дамытудың мәселелері мен ерекшеліктерін кешенді жүйелі талдауды қолдану негізінде фармацевтикалық көпдеңгейлі құрылым, типология, әртүрлі нысанды бағыттылық және нәтижелерді басқару мен өлшеудің негізгі әдіснамалық жолдары анықталған; кәсіпорынды дамыту жобасының мәні мен бағдарламалары көрсетілген, олардың негізгі түрлері мен топтастыру, даму тиімділігіне бағытталған ұйымдастыру қағидаттары қаралған; даму жобасын басқару жүйесінің элементтері – ұйымдастырушылық құрылым, жоба қатысушылары, құрылымдық өмір сүру циклы, құжаттардың айналымы, ақпараттық жүйе мен оларды ұйымдастырудың және компанияның дамуын жүзеге асырып, оның